

Қоғамдық жұмыстардың түрлерін және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесін айқындау туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 4 маусымдағы № 3196 қаулысы

Ескерту. 01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі - осы қаулының 4-тармағымен.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 914-1-бабына сәйкес Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі айқындалсын.

2. "Шымкент қаласының Қаратау ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде жіберуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Шымкент қаласының әкімі

Ғ. Сыздықбеков

Шымкент қаласы әкімдігінің

2025 жылғы "___" _____

№ _____ қаулысына

қосымша

Қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі

№	Қоғамдық жұмыстың түрлері	Қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдар
1.	Аумақты жинау және тазалау; бұталарды кесу; ағаштарды отырғызу, ағарту; ғимаратты, қоршауды бояу, әктеу; газон, шөп шабу; абаттандыру.	Шымкент қаласының Абай ауданы әкімі аппаратының "Абай" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2.	Аумақты жинау және тазалау; бұталарды кесу; ағаштарды отырғызу, ағарту; ғимаратты, қоршауды бояу, әктеу; газон, шөп шабу; абаттандыру.	Шымкент қаласының Әл-Фараби ауданы әкімі аппаратының "Әл-Фараби" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
3.	Аумақты жинау және тазалау; бұталарды кесу; ағаштарды отырғызу, ағарту; ғимаратты, қоршауды бояу, әктеу; газон, шөп шабу; абаттандыру.	Шымкент қаласының Еңбекші ауданы әкімі аппаратының "Еңбекші" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
4.	Аумақты жинау және тазалау; бұталарды кесу; ағаштарды отырғызу, ағарту; ғимаратты, қоршауды бояу, әктеу; газон, шөп шабу; абаттандыру.	Шымкент қаласының Қаратау ауданы әкімі аппаратының "Қаратау" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
5.	Аумақты жинау және тазалау; бұталарды кесу; ағаштарды отырғызу, ағарту; ғимаратты, қоршауды бояу, әктеу; газон, шөп шабу; абаттандыру.	Шымкент қаласының Тұран ауданы әкімі аппаратының "Тұран" коммуналдық мемлекеттік мекемесі